

Қазіргі кітапханашының маңызды міндеттерінің бірі – оқырман тұлғасын дамыту мақсатына сай келетін тиімді әдістер мен жұмыс түрлерін тандау.

Сондықтан оқу мәдениетін қалыптастыру және оқырмандық сауаттылықты дамыту Қазақстан мектептеріндегі білім беру үдерісінің басым бағыттарының бірі болуы тиіс. Балалардың кітап оқуға және қоршаған ортаны тануға деген қызығушылығы мектеп қабырғасынан бастап қалыптасуы қажет.

Кітапхананың басты қағидасы:

«Пайдалы білімге – қызықты дүниелер арқылы»

Бұл қағида кітаптың балалар үшін алдымен қызықты ақпарат көзіне, кейіннен білім мен таным көзіне айналуына ықпал етеді.

Балаларды сауатты оқуға, оқу техникасын меңгеруге үйрету маңызды болса, шығармашыл әрі ынталы оқырман тәрбиелеу одан да маңызды міндет болып табылады.

Қазіргі таңда әлемде білім беру стандарттары қарқынды өзгеруде. Бүгінгі білім беру үдерісі тек мұғалімнен оқушыға білім беру ғана емес, сонымен қатар оқушылардың өздігінен білім іздеуіне, шығармашылық қабілеттерін дамытуына және белсенді әрекет етуіне жағдай жасау болып табылады.

I. Кітапхананың негізгі міндеттері

- кітап қорларына, электрондық басылымдарға және ақпараттық желілерге еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- оқу үдерісінде педагогтерге ақпараттық қолдау көрсету;
- кітап пен кітап оқуды насихаттау;
- оқушылардың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін дамыту;
- коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру;
- дербестік пен жауапкершілік қасиеттерін тәрбиелеу.

II. Кітапхананың негізгі қызметтері

Білім беру қызметі – мектептің білім беру бағдарламаларын іске асыруға қолдау көрсету және қамтамасыз ету.

Ақпараттық қызметі – ақпараттың оның түріне, форматына және тасымалдаушысына қарамастан пайдалануға мүмкіндік беру.

Мәдени-ағартушылық қызметі – оқушылардың эмоциялық дамуына ықпал ететін іс-шараларды ұйымдастыру.

Тәрбиелік қызметі – Отанға, туған өлке мен мектепке деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыруға, шығармашылық қызметке жағдай жасауға ықпал ету.

Кітапхананың материалдық-техникалық базасы

Кітапхана оқырмандарға арналған 11 үстелмен және 12 орындықпен жабдықталған.

Кітапхана штатында 1 қызметкер жұмыс істейді (1 штаттық бірлік).

Кітапханада интернет желісіне қосылмаған 1 компьютер мен принтер бар.

Кітапхананың жарықтандырылуы санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келеді.

Оқу залы абонемент бөлімімен біріктірілген. Кітаппен жұмыс істеуге арналған 12 орын қарастырылған.

Мектеп кітапханасы мектеп әкімшілігі бекіткен жоспар негізінде жұмыс жүргізеді.